

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алғысы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 24 қазан N 1362.

1. Қазақстан Республикасының азаматтарын және шетел азаматтарын

моральдық көтермелеу шарасы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алғысы болып табылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Алғысын (бұдан әрі - Алғыс) жариялау үшін мыналар:

- 1) Қазақстан халқының игілігі жолындағы көп жылғы және тиімді қызметі;
- 2) қызметтік міндеттерді үлгілі орындауы, мүлтіксіз мемлекеттік қызметі және жұмыстағы басқа да жетістіктері;
- 3) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тапсырған айрықша маңызды және күрделі тапсырмаларын орындауы;
- 4) Қазақстанмен достық қатынастарды дамытудағы зор үлесі;
- 5) Қазақстанның экономикалық дамуына жәрдемдесуі негіз болып табылады.

3. Алғыстың ресми мәтіні:

- 1) мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалады;
- 2) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі қол қояды;
- 3) оны Премьер-Министр немесе ол уәкілеттік берген басқа да лауазымды адамдар тапсырады.

4. Алғыс:

- 1) азаматтың еңбек кітапшасына, мемлекеттік қызметшінің жеке ісіне (қызметтік тізіміне), әскери қызметшінің жеке басын куәландыратын құжатына енгізіледі;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының тиісті құрылымдық бөлімшесінде тіркеледі.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК